

**Шағын аккумулятор
10 000 mAh Mi Power Bank 3**

Пайдаланушы нұсқаулығы

Құрылғының тағайындалуы

Шағын аккумулятор смартфондар мен басқа шағын құрылғыларды қуаттауға арналған.

Ескерту

Құрылғыны дұрыс пайдаланбау аккумулятордың дұрыс жұмыс істемеуіне, қызып кетуіне, өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету және жарақат алу және мүліктің бүліну қаупін азайту үшін келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- Бұл сыртқы аккумулятор — ойыншық емес. Оны балалардың қолы етпейтін жерде сақтаңыз. Жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін балаларға осы сыртқы аккумуляторды пайдалануға немесе онымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Осы сыртқы аккумуляторды қуаттаудың алдында, электр тогының соғуына немесе аккумулятордың зақымдалуына жол бермеу үшін пайдаланылатын қуаттау құрылғысының жергілікті қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Сыртқы аккумуляторды қысымға, соққыларға, қатты тербелістерге және сұйықтыққа тигізбеңіз. Осы әрекеттердің кез-келгені қысқа тұйықталуға, аккумулятордың немесе электр желісінің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда сыртқы аккумуляторды пайдалануды дереу тоқтатып, оны дұрыс кәдеге жаратыңыз.
- Егер сыртқы аккумулятор ісінген, деформацияланған болса, ағып кетсе немесе оның сыйымдылығы айтарлықтай төмендеген болса, оны дереу қолдануды тоқтатып, тиісті түрде кәдеге жаратыңыз.
- Жылуды шығару қиын жерлерде, атап айтқанда: шалбардың қалтасында, жабық сөмкеде, төсекте немесе диванда сыртқы аккумуляторды қуаттамаңыз немесе қуатсыздандырмаңыз. Құрылғы киіммен, жастықтармен, төсек-орынмен немесе басқа заттармен жабылмағанына көз жеткізіңіз. Басқа құрылғылардың аккумулятордан ұзақ уақыт қуаттау кезінде, қызып кетпес үшін телефондарды немесе басқа заттарды қоймаңыз.
- Ос сыртқы аккумуляторды бөлшектемеңіз және оны қысымға, соққыларға, қатты тербелістерге және ылғалға, отқа, жылу көздеріне, мысалы пештер мен жылытқыштарға ұшыратпаңыз, сондай-ақ температурасы 60 °C (140 °F) жоғары ортада пайдаланбаңыз.
- Ыстық ауа-райында сыртқы аккумуляторды автомобильде немесе басқа жерлерде тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпау үшін қалдырмаңыз.
- Осы сыртқы аккумулятор литий-полимерлі аккумуляторды қамтиды. Аккумуляторға зақым келтірмеу үшін немесе қауіпсіздікке қауіп төндірмеу үшін оның корпусын ешқандай жағдайда ашпаңыз.

Сақтық шаралары

- Бірінші қолданар алдында сыртқы аккумуляторды толығымен қуаттап алыңыз.
- Сыртқы аккумуляторды немесе оның басқа құрылғыларын қуаттау үшін тиісті қуаттау құрылғысын және USB-кабелді пайдаланыңыз (Mi сауда белгісі ұсынылады).
- Қуаттау кезінде сыртқы аккумуляторды бақылаңыз. Бөлмеден шықпас бұрын немесе оны ұзақ уақыт қараусыз қалдырмас бұрын оны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Сыртқы аккумуляторды немесе басқа құрылғыларды толығымен қуаттағаннан кейін, зақымданудың алдын алу үшін қуаттау кабелін уақытында ажыратыңыз.
- Егер батырманы басқаннан кейін қуаттау деңгейі көрсетілмесе, сыртқы аккумулятор қорғаныс режиміне өткен болуы мүмкін. Оның жұмысын қайта бастау үшін сыртқы қуаттау құрылғысын қосып көріңіз.
- Егер сіз сыртқы аккумуляторды ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, аккумулятордың қуаттау деңгейін 25-50% деңгейінде ұстаңыз және оны салқын, құрғақ жерде сақтаңыз. Сыртқы аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін оны толық қуатталған немесе қуатсыз күйінде тұзақ уақыт сақтауға болмайды.

Техникалық сипаттамалар

Үлгісі: PLM13ZM Аккумулятордың түрі: литий-полимерлі аккумулятор
Сыйымдылығы: 37 Вт-сағ, 3,7 В (10 000 мА-сағ) Номиналды сыйымдылығы: 5500 мА-сағ (5,1 В/2,6 А)
Жұмы температурасы: 5 °С-ден 35 °С-ге дейін Бұйымның өлшемдері: 147,8 x 73,9 x 15,3 мм
Кіру параметрлері: 5 В = 2,1 А 9 В=2,1 А 12 В=1,5 А (микро-USB/USB-C арқылы сыртқы аккумуляторды қуаттау);
5 В = 2,4 А (микро-USB/USB-C арқылы сыртқы аккумуляторды қуаттау, USB-A 2,4 А бір порты арқылы құрылғыны бір уақытта қуаттау);
5 В = 2,6 А (микро-USB/USB-C арқылы сыртқы аккумуляторды қуаттау және USB-A2.6 А қосарлы порты арқылы екі құрылғыны бір уақытта қуаттау)
Шығыс: (бір USB-A порты) 5,1 В=2,4А; 9В=2 А;12 В=1,5А (екі USB-A порты) 5,1 В=2,6А

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болса монтаждауды және тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °С бастап 40 °С дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы ҚР қолданыстағы заңнамасына сай өткізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі өтіп кеткеннен кейін, оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейін қайта өңдеу және кәдеге жарату мақсатында тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату үшін тапсырылуы тиіс. Осы бұйымның дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстардың сақтап қалуға септігіңізді тигізесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғының жарамсыздықтарын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цзыми Корпорэйшн.

А913, Чэнцзян тас жолы №159, Цзяньинь қ., Цзянсу қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Айрықшаламалар, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықтамасы және атқарымы, пайдаланушыға алдын ала хабарламай, өзгертілуі мүмкін.

СБ: Mi.

Тауардың өндірілген күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

